

**МКҚК №20 «Дидар» балабақшасының
қамқоршылық кеңесі отырысының № 3 хаттамасы**

Өткізілген күні: 27.03.2025 жыл

Қатысқаны: 8 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Балабақша аймағын абаттандыру жұмыстарын жоспарлау бойынша.(сенбіліктер ұйымдастыру, ойын алаңдарының қауіпсіздігін тексеру,сырлау, көне ағаштарды кестіру, әктеу, қоқыстарды шығару), (ата - аналар қауымы, демеушілер)
2. 1 мамыр ,7 мамыр, 9 мамыр мерекелерінің жоспарымен танысу.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша – меңгеруші Туребаева Д.Т

Мақсаты: Балабақша аумағының қауіпсіздігін, санитарлық тазалығын және эстетикалық келбетін қамтамасыз ету, ата-аналар қауымын, демеушілерді ортақ іске тарту.

Балабақша аумағында сенбілік жұмыстарын ұйымдастыру -тазалықты сақтау, қоршаған ортаны көркейту және балаларды еңбекке баулу мақсатында жүйелі түрде жүргізіледі. Сенбіліктер алдын -ала жоспарланып, белгіленген күндері өткізіледі.

Сенбілік ұйымдастыру кезінде - атқарылатын жұмыстар тізімін жасап ,қажетті құрал-жабдықтар дайындап ,қызметкерлерді топтарға бөліп ,әр топқа тапсырмалар береміз.Негізгі жұмыс көлемі -аула аумағын қоқыстан тазарту,ағаштарды кесіп ретке келтіру,ойын алаңдарын тазарту,гүлдер отырғызу,сырлау- әктеу жұмыстарын жүргізу. Жиналған қоқысты белгіленген орынға шығарамыз.

Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша – әдіскер Жанзакова Ж.Х

Балабақшада мерекелік іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті.Тәрбиешілер мен мамандарға мерекелік бағдарламаларды дайындау,балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелік мәні бар іс-шараларды өткізу жөнінде тапсырылды.

1 Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні

Мақсаты: Балаларды өз елінің мәдениетін, халықтарының бірлігін құрметтеуге тәрбиелеу.

Іс-шаралар:

- Ұлттық киімдер шеруі (әр топ бір ұлтты таныстырады)
- "Бейбітшілік пен достық әлемі" сурет көрмесі
- Ұлттық ойындар күні
- Ата-аналармен бірлескен шеберлік сағаттары (ұлттық тағамдар, билер, әндер)

7 Мамыр – Отан қорғаушылар күні

Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, ерлікке, әскери қызметке құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Іс-шаралар:

- "Әкеммен өткен бір күн" байқауы
- Спорттық сайыстар

9 Мамыр – Жеңіс күні

Мақсаты: Балаларды ел қорғаған батырларға құрмет көрсетуге, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Іс-шаралар:

- "Мұражайға саяхат"
- Тақырыптық сағаттар
- "Бейбіт күн жасасын!" атты педагогтармен құттықтау

Шешімі:

1. Балабақшаны абаттандыру жұмыстары жоспар бойынша ұйымдастырылсын.
2. Мамыр айындағы мерекелер жоспар бойынша ата -аналармен бірге ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы : 

Буркитова Г.М

Хатшы: 

Атағалиева Н.